

БЕКІТЕМІН

Қостанай облысы

**әкімдігі мәдениет басқармасының
«Облыстық көркемөнерпаздардың
халық шығармашылығы мен
кинобейнең орталығы» КМҚҚ
басшысы**

Д.Қалқаев

17 маусым 2022 ж.

Хаттама

**Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының
«Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен
кинобейнең орталығы» КМҚҚ қызметкерлер арасында оқыту жүргізу**

Қостанай к.

17 маусым 2022 жыл

Басталуы: 09 сағат 30 минут

Аяқталуы: 10 сағат 30 минут

Тақырыбы: Жақын туыстардың, өрлі-зайыптылардың немесе жекжаттардың бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу.

Мақсаты: бірлескен қызметтің үйлесімсіздігінің табигатын түсіну.

Күтілетін нәтижелер:

- қызметтің үйлесімсіздігі туралы нақты түсінік.

Жақын туыстардың, өрлі-зайыптылардың немесе жекжаттардың бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу.

1. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар (өз қызметтің тұрақты емес немесе басқа жұмыстан босатылған негізде жузеге асыратын мәслихаттардың депутаттарын қоспағанда) және мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар (Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттарының депутаттығына, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттарының депутаттығына, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттарының депутаттығына, Қазақстан Республикасы аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органдарының мүшелігіне кандидаттар үшін), лауазымды адамдар өздерінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты лауазымдарды атқара алмайды, сондай-ақ жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары тікелей бағынысты бола алмайды.

2. Мемлекеттік лауазымға не мемлекеттік немесе оларға теңестірілген функцияларды орындауға байланысты лауазымға кандидаттар болып табылатын адамдар өздері лауазымға орналасуға үміткер болатын ұйымның

басшылығына осы ұйымда жұмыс істейтін жақын туыстары, жұбайы және (немесе) жекжаттары туралы жазбаша нысанда хабарлауға міндettі.

3. Заңның 1-тәрмағының талаптарын бұзатын адамдар, егер олар көрсетілген бұзушылық анықталған кезден бастап үш ай ішінде оны өз еркімен жоймаса, осындай бағыныстылықты болғызбайтын лауазымға ауысуға жатады, ал мұндай ауысу мүмкін болмаған кезде осы қызметшілердің біреуі лауазымынан шығарылуға немесе көрсетілген функциялардан өзгедей босатылуға жатады.

4. Занда жақын туыстар деп ата – аналар (ата-анасы), балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сінлілері, атасы, әжесі, немерелері, жекжаттар деп жұбайының (зайыбының) ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сінлілері (қарындастары), ата-аналары мен балалары түсініледі.

Қорытынды.

Осылайша, жақын туыстар бір мекемеде немесе кәсіпорында жұмыс істей алмайды, егер олар бір-біріне тікелей бағынса.

Оқыту өткізді

А.Ж. Божатов